

Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының оқытушыларына арналған педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру курстарының «Жоғары білім беру саласындағы бағалау саясаты» білім беру бағдарламасы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. «Жоғары білім беру саласындағы бағалау саясаты» педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) жоғары оқу орындарының (бұдан әрі – ЖОО) педагогикалық мамандықтары оқытушыларына арналған.

2. Бағдарлама ЖОО педагогикалық мамандықтары оқытушыларының білім беру мен оқытудың заманауи технологиялары саласындағы кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға бағытталған.

2. Глоссарий

SMART мақсаттары мен міндеттері (ақылды міндеттер) - оқыту мақсаты мен міндеттерін анықтауда қолданылатын, 1981 жылы Джордж Доран (George T. Doran) енгізген: **S**pecific (арнайы, нақты); **M** easurable (өлшеуге болатын); **A** ttainable (қолжетімді); **R** ealistic (шындыққа сай); **T** imed (белгілі бір уақыт аралығымен шектелген).

Бағалау

Дескриптор (сипаттаушы) – құжаттарды, ақпараттық жиымдарды және т.б. іздестіру кезінде оларды топтарға бөлу, жіктеу, индекстеу үшін пайдаланылатын пароль, түйінді сөз немесе сөз тіркесі. Оның құрамына файл, программа атауы, оған коса, файл коды түрінде пайдаланылатын сан не сөз кіруі мүмкін.

Дивергенттік ойлау – бұл процесс немесе ми шығармашылық идеяларды қалыптастыру үшін қолданатын ойлау әдісі әр жағдайды қалай шешуге болатындығы туралы барлық мүмкін шешімдерді зерттеу.

Инфографика – хабарды, ақпаратты, білімді графикалық тәсілдер арқылы ұсыну. Инфографика - қандай да бір оқиғаны сипаттау немесе деректерді жеткізу мақсатында кез-келген мәтін мен графиканың үйлестіріліп берілуі.

Жеке білім беру бағдарламасы (ЖББ) – субъектінің білім беру қызметінің кешенді сипаттамасы, оның жеке білім беру мақсаттарын, оларға қол жеткізу кезеңдері мен тәсілдерін, нәтижелерді талдау және бағалау әдістерін, жеке өсу нәтижелерінің рефлексиясын көрсетеді.

Критерий – орындалуы қандай да бір заңның немесе тәсілдің қолданушылығын қамтамасыз ететін шарт. Мөлшерлік бағаның өлшеуін таңдайтын белгі.

Кейс – педагогикалық үдерісті және педагогтардың кәсіби қызметін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ететін бірыңғай мультимедиялық ақпараттық кешен.

Коллаборация – (коллаборативтік орта) белгілі бір консесусқа немесе келісімге, оқытуға, білім алмасуға бағытталған, кез келген салада ортақ мақсатқа жету үшін екі немесе одан да көп адаммен немесе ұйыммен жасалатын бірлескен әрекет.

Конвергенттік ойлау – жылдамдыққа, дәлдікке және логикаға баса назар аударады және таныс, қайта қолдану тәсілдерін тануға және сақталған ақпаратты жинақтауға бағытталған. Бұл жауап оңай болатын және оны еске түсіру немесе пысықтау қажет болатын жағдайларда тиімді шешім қабылдау стратегиялары.

Қашықтан оқыту (ҚО) - оқытушы мен студенттердің бір-бірімен қашықтықта өзара әрекеттесуі, оқу процесіне тән барлық компоненттерді (мақсаттар, мазмұны, әдістері, ұйымдастырушылық формалары, оқыту құралдары) және интернет-технологиялардың нақты құралдарымен немесе интерактивтілікпен байланысты басқа құралдармен жүзеге асырылады.

Мотивация – бұл адамның мінез-құлқын басқаратын, мінез-құлықтың (іс-әрекеттің) ұйымдастырылуын, бағытын, тұрақтылығын және белсенділігін анықтайтын әртүрлі сыртқы және ішкі факторлар жүйесінің әсерінен туындаған процесс.

Мониторинг – осы объектінің жалпы мінез-құлқы/жай-күйі туралы пайымдау үшін осы объектіні сипаттаудың негізгі (айқын немесе жанама) белгілерінің/параметрлерінің аз санын жинау/тіркеу, сақтау және талдау жүйесі. Яғни, оны сипаттайтын белгілердің аз мөлшерін талдау негізінде объект туралы тұтастай шешім қабылдау.

Мультимедиа – бір уақытта әр түрлі формада ұсынылатын деректер немесе мазмұн: дыбыс, анимациялық компьютерлік графика, бейне тізбегі.

Сапа – белгілі бір материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін пайдалы қасиеттердің жиынтығы. Беріктік, төзімділік, үнемділік, көркемдік-эстетик., т.б. көрсеткіштерімен сипатталады

Эмоционалды интеллект - бұл өзіңіздің эмоцияларыңызды позитивті түрде анықтау, пайдалану, түсіну және басқару қабілеті, мысалы, стрессті жеңілдету, қиындықтарды жеңу және жанжалды басу.

Электронды оқулықтар - ақпараттардың мәтін, суреттер, бейне, аудиожазба, анимациялар және басқа да графикалық құралдар түрінде берілетін оқу курсы.

3. Бағдарлама тақырыптары

Модульдер	Тақырыптары
1. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ	1.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен ұстанымдары. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметін реттейтін нормативті құқықтық актілер
2. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДУЛЬ	2.1 Оқытудағы гуманистік тәсілдеме (Дж.Дьюи, А.Маслоу, К.Роджерс). Оқытудағы когнитивтік тәсілдеме (Ж. Пиаже, М. Монтессори, Л.С. Выготский). Әлеуметтік-жағдаяттық тәсілдеме (А.Бандура). Құзырлылық тәсілдеме (Джон Равен, А. Шелтен, Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя, В.А. Сластенин) 2.2 Эмоционалды интеллектінің отандық және шетелдік теориялары. Жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту технологиялары 2.3 Білім алушылардың құзыреттілігін дамыту әдістері 2.4 Мотивация философиясы. Мотивация және өзін-өзі реттеу. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру технологиялары 2.5 Бағалау және базалық бақылау бойынша оқыту бағдарламасына кіріспе білім алушылардың оқу жетістіктері 2.6 Эмоционалды интеллект диагностикасы 2.7 Сыни ойлауды дамыту технологиясы: диалогтық оқыту әдістері
3. МАЗМҰНДЫҚ МОДУЛЬ	3.1 Педагогикалық өлшемдердің параметрлері: Дублин дескрипторлары, Б.Блум таксономиясы. 3.2 Қазіргі заманғы бағалау теориясы мен практикасын және өткізу үшін әртүрлі бағалау түрлерінің өзектілігін түсіну 3.3 Мәселеге бағдарланған оқыту. «Case-study» әдісінің пайда болуы мен даму тарихы. Кейсті құру. Кейсті талдау 3.4 Дивергентті және конвергентті ойлау анықтамасы. Білім алушының шығармашылық әлеуеті мен дивергентті ойлаудың байланысы. Білім алушының дивергентті ойлауын дамытуға

	<p>бағытталған тапсырмалар құру ерекшеліктері</p> <p>3.5 Жобалық технология - білім алушылардың өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың құралы</p> <p>3.6 Бағалау принциптері, бағалау құрылымы, бағалау сипаттамалар кестесі</p> <p>3.7 Статистикалық сапаны бақылау әдістері немесе 7 сапаны бағалау құралдары. Сапалы бағалау кезеңдерін әзірлеу</p> <p>3.8 Портфолио - білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау технологиясы</p> <p>3.9 Оқыту мақсаттарына сәйкес өлшемшарттар мен дескрипторларды әзірлеу. «SMART» мақсаттарын қою әдісі</p> <p>3.10 Бағалау құралдарынна шолу. Бағалау құралдарының құрылымы. Бағалау техникасы және бағалау құралдары. Дамудың үздіксіздігі (континуумы). Практикада алынған тақырыптарды пайдалану арқылы студенттердің білімін бақылау және бағалау. Білімгер мен оқытушыларға арналған бағалау нәтижелері</p>
4. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	<p>4.1 Қашықтықтан оқытудың әдіснамасы және жүйесілеріне шолу. Жаппай ашық онлайн курстар - біліктілікті арттыру жүйесіндегі заманауи үрдісі</p> <p>4.2 Электронды оқулықтарды жасау кезеңдері мен тұжырымдамасы. Мультимедиа технологиясын пайдалана отырып оқу процесін қарқындату. Инфографика - аудиторияға күрделі ақпаратты жеткізу әдісі</p> <p>4.3 Мультимедиалық контентті іздеу (Meta Search), өңдеу, сақтау және тарату технологиялары. Тақырып бойынша мультимедиалық контентті жасау</p>
5. ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ	<p>5.1 Қашықтықтан оқыту технологияс.</p> <p>5.2 Коллаборативтік орта-сабақты ұйымдастырудың тиімді түрі</p>

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты - жоғары оқу орындарындағы педагогикалық шеберлік пен біліктілігін арттыру, білім беру үдерісін бағалау, білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау түрлерін әзірлеу және жобалау.

Бағдарламаның міндеттері:

– жоғары мектеп педагогының кәсіби дамуына психологиялық-педагогикалық қолдаудың әлемдік ғылым мен практиканың жетістіктері туралы біртұтас түсінік қалыптастыру;

– педагогикалық білім беруді жаңғыртудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін, оның ішінде бағалаудың әдіснамалық негіздерін тұтас қарауды қалыптастыру;

– оқыту мен ғылыми-зерттеу қызметінде, сондай-ақ тұлғалық-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдері негізінде заманауи дәріс құруда кәсіби жобалау және модельдеу дағдыларын жетілдіру;

– ЖОО-да оқу процесінде инновациялық білім беру технологияларын және интерактивті әдістерді пайдалану білігін қалыптастыру;

– педагогтың кәсіби өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалау білігін қалыптастыру;

– оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігін қалыптастыру;

– диагностикалық дағдыларды дамыту, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін жақсарту және бағалау үшін мақсаттарды қоюды жетілдіру.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері.

Курс тыңдаушылары:

- заманауи педагогикалық ғылымды дамытудың негізгі трендтерін, білім алушылардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін белсендіруге, сыни және шығармашылық ойлауды ынталандыруға, күрделі мәселелерді түсіну, қоя білу және шешуге дағдыландыруға, адами іс-әрекеттің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас және әлеуметтік қатынастарда нақты мәселенің кең шоғырын шешудегі білім алушылардың функционалды сауаттылығын бағалауға бағытталған оқу процестерін ұйымдастырудың тәсілдемелерін біледі;

- білім сапасын бақылаудың, дамытудың, оқытудағы дамуды анықтайтын, оқытушылық қызметтегі білім беру бағдарламаларының даму деңгейін өлшеуге арналған құрал ретінде бағалаудың құрылымы, мазмұны, мақсаттары мен міндеттерін біледі;

- жоғары оқу орындарында инновациялық білім беру технологияларын, жоғары оқу орнының білім беру процесін жобалауды, жоспарлау және жүйелі бағалау мен рефлексия процестерін жетілдіруді қолданады;

- жоғары оқу орындарындағы білім беру процесінің мониторингін ұйымдастыру, өткізу және талдау, заманауи ғылыми-зерттеулер негізінде білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жетілдіру, педагогикалық қызметті қарқындату жағдайындағы заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану, білім беру саласындағы зерттеулер жүргізу әдістерін, іс-әрекетті зерттеуді жоспарлау және жүргізу дағдыларын меңгереді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

1. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

- 1) нормативті-құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

1. Нормативтік-құқықтық модуль. Модульде ұсынылған дәріс тақырыптары тыңдаушыларға жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен ұстанымдары. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметін реттейтін нормативті құқықтық актілермен танысуға мүмкіндік береді.

2. Психологиялық-педагогикалық модуль. Модульді оқу барысында тыңдаушылар оқытудағы гуманистік тәсілдеме, эмоционалды интеллектінің отандық және шетелдік теорияларымен, жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту технологиялары, білім алушылардың құзыреттілігін дамыту әдістерімен, мотивация философиясы және өзін-өзі реттеу оны жүзеге асыру технологияларымен, бағалау және базалық бақылау бойынша оқыту бағдарламасына кіріспе білім алушылардың оқу жетістіктерімен, эмоционалды интеллект диагностикасымен және сыни ойлауды дамыту технологиясы: диалогтық оқыту әдістерімен танысады.

3. Мазмұндық-процессуалдық модуль. Модульді зерделеу барысында тыңдаушылар педагогикалық өлшемдердің параметрлері: дублин дескрипторлары, Б.Блум таксономиясы, қазіргі заманғы бағалау теориясы мен практикасын және өткізу үшін әртүрлі бағалау түрлерінің өзектілігін түсінумен бірге мәселеге бағдарланған оқыту. «Case-study» әдісінің пайда болуы мен даму тарихымен, дивергентті және конвергентті ойлау анықтамасы, білім алушының шығармашылық әлеуеті мен дивергентті ойлаудың байланысын білім алушының дивергентті ойлауын дамытуға бағытталған тапсырмалар құру ерекшеліктері, жобалық технология - білім алушылардың өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың құралы және бағалау принциптері, бағалау құрылымы, бағалау сипаттамалар кестесі, статистикалық сапаны бақылау әдістері немесе 7 сапаны бағалау құралдары, сапалы бағалау кезеңдерін әзірлеу мен портфолио - білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау технологиясы ретінде, оқыту мақсаттарына сәйкес өлшемшарттар мен дескрипторларды әзірлеу. «SMART» мақсаттарын қою әдісі, бағалау құралдарының құрылымы. Бағалау техникасы және бағалау құралдары және бағалау нәтижелері әдісін іске асыруды түсінуді қалыптастырады.

4. Технологиялық модуль. Тыңдаушылар педагогтің кәсіби қызметінде заманауи қашықтан оқыту технологияларын қолдану тәжірибесінде ақпараттық технологиялардың әдістерін, тәсілдері мен құралдарын қолдану

аясын, инфографика - аудиторияға күрделі ақпаратты жеткізу әдісімен, мультимедиалық контентті іздеу (Meta Search), өңдеу, сақтау және тарату технологияларын, мультимедиалық контентті жасау, ережелерін зерделейді.

5. Вариативтік модуль. Бұл модульде тақырыптары қашықтықтан оқыту технологиясы және коллаборативтік орта сабақты ұйымдастырудың тиімді түріне тоқталады.

6. Оқыту процесін ұйымдастыру

1) Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі-ОТЖ) бойынша курс күндізгі (қашықтан) оқыту режимінде ұйымдастырылады;

2) Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Оқу процесі оқытудың мынадай әдістері мен интерактивті түрлерінен тұрады: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, тренинг, кейс әдісі, жоба әдісі, бейнефильмдерді талқылау, сонымен қатар вебинар, онлайн-форум, онлайн кеңес беру, және тыңдаушының оқытушымен өзіндік жұмысы, шағын топтардағы жұмыс, оқыту ойындары, кері байланыс, күрделі және дискуссиялық сұрақтар мен мәселелерді талқылау.

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатындағы білім беру процесін ұйымдастыруда өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы (портфолио қорғау) қорғалады.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

«Жоғары білім беру саласындағы бағалау саясаты» тақырыбындағы күндізгі (қашықтан) оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (80 сағат)

№	Оқу тақырыптары	Дерістер	Таңдау дерістері	Тренинг	Практикалық сабақтар	ТОӨЖ	Портфолио қорғау	Барлығы
1.	Нормативтік-құқықтық модуль	2						2
1.1	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен ұстанымдары. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру	2						2

	ұйымдары педагогтерінің қызметін реттейтін нормативті құқықтық актілер							
2.	Психологиялық-педагогикалық модуль	10		8	6			26
2.1	Оқытудағы гуманистік тәсілдеме (Дж.Дьюи, А.Маслоу, К.Роджерс). Оқытудағы когнитивтік тәсілдеме (Ж. Пиаже, М. Монтессори, Л.С. Выготский). Әлеуметтік-жағдаяттық тәсілдеме (А.Бандура). Құзырлылық тәсілдеме (Джон Равен, А. Шелтен, Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя, В.А. Слостенин)	2		2				4
2.2	Эмоционалды интеллектінің отандық және шетелдік теориялары. Жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту технологиялары	2			2			2
2.3	Білім алушылардың құзыреттілігін дамыту әдістері	2						2
2.4	Мотивация философиясы. Мотивация және өзін-өзі реттеу. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру технологиялары	2		2				4
2.5	Бағалау және базалық бақылау бойынша оқыту бағдарламасына кіріспе білім алушылардың оқу жетістіктері			2	2	2		6
2.6	Эмоционалды интеллект диагностикасы	2						2
2.7	Сыни ойлауды дамыту технологиясы: диалогтық оқыту әдістері			2	2			4
3.	Мазмұндық модуль	12		10	12	4	4	42
3.1	Педагогикалық өлшемдердің параметрлері: Дублин	2		2				4

	дескрипторлары, Б.Блум таксономиясы.							
3.2	Қазіргі заманғы бағалау теориясы мен практикасын және өткізу үшін әртүрлі бағалау түрлерінің өзектілігін түсіну			2	2	2		6
3.3	Мәселеге бағдарланған оқыту. «Case-study» әдісінің пайда болуы мен даму тарихы. Кейсті құру. Кейсті талдау	2		2	2			6
3.4	Дивергентті және конвергентті ойлау анықтамасы. Білім алушының шығармашылық әлеуеті мен дивергентті ойлаудың байланысы. Білім алушының дивергентті ойлауын дамытуға бағытталған тапсырмалар құру ерекшеліктері	2			2			4
3.5	Жобалық технология - білім алушылардың өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың құралы	2		2				4
3.6	Бағалау принциптері, бағалау құрылымы, бағалау сипаттамалар кестесі			2	2			4
3.7	Статистикалық сапаны бақылау әдістері немесе 7 сапаны бағалау құралдары. Сапалы бағалау кезеңдерін әзірлеу	2			2			4
3.8	Портфолио - білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау технологиясы						4	4
3.9	Оқыту мақсаттарына сәйкес өлшемшарттар мен дескрипторларды әзірлеу. «SMART» мақсаттарын қою әдісі					2		2
3.10	Бағалау құралдарынна шолу. Бағалау құралдарының құрылымы. Бағалау техникасы және бағалау құралдары. Дамудың үздіксіздігі	2			2			4

	(континуумы). Практикада алынған тақырыптарды пайдалану арқылы студенттердің білімін бақылау және бағалау. Білімгер мен оқытушыларға арналған бағалау нәтижелері							
4.	Технологиялық модуль	2			4			6
4.1	Қашықтықтан оқытудың әдіснамасы және жүйесілеріне шолу. Жаппай ашық онлайн курстар - біліктілікті арттыру жүйесіндегі заманауи үрдісі	2						2
4.2	Электронды оқулықтарды жасау кезеңдері мен тұжырымдамасы. Мультимедиа технологиясын пайдалана отырып оқу процесін қарқындату. Инфографика - аудиторияға күрделі ақпаратты жеткізу әдісі				2			2
4.3	Мультимедиалық контентті іздеу (Meta Search), өңдеу, сақтау және тарату технологиялары. Тақырып бойынша мультимедиалық контентті жасау				2			2
5.	Вариативті модуль		4					4
5.1	Қашықтықтан оқыту технологиясы		2					2
5.2	Коллаборативтік орта-сабақты ұйымдастырудың тиімді түрі		2					2
	БАРЛЫҒЫ	26	4	18	22	6	4	80

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін «Портфолио – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың технологиясы ретінде» портфолиосы ұсынылады.

Портфолио құрудың негізгі принциптері:

- жүйелілік;
- мәліметтердің нақтылығы мен ауқымдылығы;
- ақпараттың объективтілігі;
- көрнекілік.

Портфолиоға қойылатын талаптар:

Қорытынды ең жоғары – 12 балл.

0 – дәлелдемелер ұсынылмады, 1 – дәлелдемелер әлсіз, 2 – дәлелдемелер күшті, 3 – дәлелдемелер өте күшті

№	Бағалау критерийлері	Баллдар				Қорытынды
		0	1	2	3	
1	Педагог туралы жалпы мәлімет					
2	Педагогтың ғылыми-әдістемелік қызметі.					
3	Кері байланыс жұмысының материалдары:					
4	Өзін-өзі дамытуымен байланысты SMART мақсат қою арқылы бекітіледі					
Қорытынды балл (max – 12 балл)						

9. Курстан кейінгі қолдау

1. Куратордың (оқытушының) консультациялар курсы, әртүрлі байланыс құралдарын (e-mail, мессенджерлер, әлеуметтік желілер), сервистер, Интернет-платформаны қолдана отырып, он-лайн іс-шараларды өткізуі.

2. Жұмыс тәжірибесін (тыңдаушылардың құзыреттілігін) электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы зерделеу. Оларды қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету, әдістемелік десанттарды жүзеге асыру.

3. Курс кураторы (оқытушысы) тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті қолдауды жүзеге асырады: семинарларда, дөңгелек үстелдерде сөз сөйлеу (облыстық, республикалық деңгейдегі); кәсіби байқауларға қатысу (республикалық, халықаралық деңгейдегі); республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, БАҚ-та ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялау (авторлық бірлестікте болуы мүмкін).

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. № 319-III, Қолданыстағы өзгерістер және толықтыруларымен) (<http://adilet.zan.kz>).

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Жоба. Эл.ресурс: <http://legalacts.egov.kz/npa/view?id=12629438>.

3. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019

жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

4. «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы).

5. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген.

6. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz>.

7. Андрагогика – искусство и наука обучения взрослых. Публикация на ресурсе Neuch.org. Современное образование,- от 21.06.2012г. <http://neuch.org/realias/andragogika-iskusstvo-i-nauka-obucheniya-vzroslykh>.

8. Андреев А.А. Педагогика высшей школы. Новый курс.: М., 2002. - 212 с

9. Бедерханова В.П. Педагогическое проектирование в инновационной деятельности : учеб. пособие. – Краснодар : КИДППО, 2000. – 54 с.

10. Беликов В. А., Кривошапова В. Г., Савинков Л. А. Образование. Деятельность. Личность: монография. – М.: Академия Естествознания, 2010. – 340 с.

11. Бим-Бад, Б.М. Педагогическая антропология: Учеб. Пособие./Авт.-сост. Б. М. Бим-Бад. М.: Изд-во УРАО. 1998. 575 с.

12. Божович, Л.И. Проблемы формирования личности. Изб. психол. труды / Л.И. Божович. – М., Воронеж, 2001.

13. Гаранина Р. М. Самостоятельная работа – средство развития потенциала студентов // Alma mater. – 2012. – № 1. – С. 46–48.

14. Горшкова О. В. Управление кадровым потенциалом предпринимательского университета: новые компетенции ППС // Университетское управление. – 2012. – №4. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.umj.ru/index.php/pub/inside/1358> (дата обращения: 04.04.2013).

15. Интеграция высшего профессионального образования в сфере физической культуры: монография / под. общ. ред. А. Я. Найна. – Челябинск: ЧелГНОЦ УрО РАО, 2008. – 380 с.

16. Липская Л. А. История и философия образования: антропологические основания: учеб. пособие. – Челябинск: Уральская академия, 2008. – 272 с.

17. Лях В. И. Конструирование в учебной деятельности будущих педагогов профессионального обучения // Сибирский педагогический журнал. – 2011. № 9. - С. 24-29.

18. Речкина Т. Д. Учебно-методическое обеспечение самостоятельной деятельности студентов педвуза: автореф. дис. ... канд. пед. наук. –

Ростовн/Д, 2003 //Наука педагогика [Электронный ресурс]. URL: <http://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-08/dissertaciya-uchebnometodicheskoe-obespecheni> (дата обращения: 02.02.2013).

19. Шутенко А. И. Развитие образовательных коммуникаций в современном вузе // Научная онлайн библиотека ПОРТАЛУС [Электронный ресурс]. URL: <http://www.portalus.ru/modules/pedagogics/rust> (дата обращения: 05.03.2013).

20. Флетчер К. Performance Appraisal. Оценка и обратная связь. Практические аспекты обзора эффективности работы. – М.: НИРРО, 2006.